«Сары қыздың» базарлығы

«Күнде таңертең мені ертемен оятып алады. Күрең сиырды өріске апарып кел дейді де, менің таңғы тамағымды дайындайды. Жұмысқа кетерінде үйдегі бөлменің ортасында тұрған бағанаға 4-5 метрлік мықты жіпті алып, мені белімнен байлап қояды...» Бұл Павлодар өңіріне белгілі қаламгер, Қазақстанның Құрметті журналисті Ғалия Балтабайдың бала кезінде басынан өткен оқиғалардың бір картинасы.

Жақында Ғалия Құсайынқызының балаларға арналған «Sary qyz» атты естелік әңгімелер жинағы жарыққа шыққан болатын. Өткен дүйсенбі күні С.Торайғыров атындағы Павлодар облыстық кітапханаының С.Баязитов атындағы балалар оқу орталығында аталған жаңа жинақтың тұсаукесері өтіп, оқырмандарға таныстырылды. Шараға облыстық білім беру басқармасының басшысы Дінислам Болатханұлы, облыстық мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы басшысының орынбасары Сәуле Османова, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, ақын Арман Қани, облыстық «Найзатас» әдеби журналының бас редакторы Асыл Әбішев, Қазақстан Жазушылар одағының Павлодар облыстық филиалының директоры Жарқынбек Амантайұлы және басқа да бірқатар ақын-жазушылар қатысып, авторға жылы лебіздерін білдірді. Сонымен қатар, кітапқа енген әңгімелерге, онда көтерілген тақырыптарға байланысты ой бөлісіп, бүгінгі балаларға әдеби шығармалардың қажеттілігі жайында пікір алмасты.

Бұл Ғалия Құсайынқызының балаларға арнап жазған тұңғыш туындысы. Жаңа кітап биылғы балалар әдебиетін қолдау жылының аясында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарыққа шығып отыр. Мұнда кішкентай Ғалияның балалық шақта басынан өткізген оқиғалары баяндалады. Қысқа да нұсқа қызықты әңгімелер, ойға қонымды, тұшымды оқиғалар оқырманды бірден баурап алады. Кітаптың дизайны да ерекше жасалған, иллюстрациясы өте сәтті салынған. Яғни, жас оқырмандардың көзін бірден жаулап алатын көркем суреттермен безендірілген. Әрбір әңгіменің тақырыбына сай негізделіп суреттер салыныпты. Оқыған әңгіменіздің бейнетаспасы да көз алдыңыздан жылыстап сырғып өтетіндей...

– Біздің замандастарымыздың балалық шағы қиын-қыстау кезеңмен тұспа-тұс келгендіктен, балаша құмары қанып ойнады деп айта алмаймын. Керісінше, еңбекке ерте араласып, уақытымыздан бұрын есейіп кеттік. Міне, сондықтан, бала кезімде басымнан өткен оқиғаларды қазіргі ұрпаққа осы кітап арқылы жеткізгім келді. Ал кітап атауын не үшін «Сары қыз» деп қойдым? Мені анам «Кішкентай сары шымшығым» деп еркелететін. Ал мектепке бірінші сыныпқа келгенде оқушылар әзілдеп «Сары қыз» деп ат қойып, есейгенше солай атап кетті. Кітап менің басымнан кешкен оқиғалар болғандықтан, атауын да солай қойдым, – дейді Ғалия Құсайынқызы. Облыстық білім беру басқармасының басшысы Дінислам Болатханұлы аталған жаңа туындыны облыс мектептеріне таратуға ықпал ететінін жеткізді.

– Балалар әдебиеті – өте күрделі жанр. Бұл тақырыпқа баруға кез келген ақын-жазушының жүрегі дауаламайды. Себебі, баланың ойын түсіну, баланың жүрегінен жол табу оңай емес. Екіншіден, әдеби шығарма арқылы жас жеткіншектерге ой салу үшін автордың өмірлік тәжірибесі болуы керек. Мен Ғалия Құсайынқызының «Sary qyz» атты жаңа кітабын осыдан бір ай бұрын қолыма алдым. Маған қатты әсер етті. Басынан соңына дейін бір деммен оқып шықтым. Өмірден алынған әрбір эпизодты қысқа да нұсқа ықшамдап, баланың тілімен жеткізе білген. Өткеннен сыр шертетін керемет туындыны әрбір оқушы оқуға тиіс деп ойлаймын. Сондықтан, алдағы уақытта кітапты облыстағы барлық мектептерге таратудың жолдарын қарастыратын боламыз, – деді облыстың бас ұстазы.

Жарқынбек Амантайұлының сөзінше, қазіргі уақытта Ертіс-Баян өңірінде балалар әдебиетінде сәтті шығарма жаза алатын қаламгерлер жоқтың қасы. Сондықтан, бұл кітапты балалар әдебиеті қорына келіп қосылған үлкен қазына деуге болады.

– Мұны тек балаларға арналған кітап деп айтпас едім. Кез келген жастағы оқырмандарды ойландыратын, толғандыратын шығармалар бар. Тілі жатық, оқуға жеңіл, оқиғасы да тартымды. Бір әңгімені оқығаннан кейін келесі оқиғалар оқырманды өзінен өзі баурап алып кетеді. Сондықтан, өнір әдебиеті тағы бір салмақты туындымен толықты деп айтар едім. Біз сіздердің бастарыңыздан өткен кейбір оқиғаларды біле бермейміз. Сіздер сияқты күрескер тұлғалардың қалай қалыптасқанынан да хабарымыз жоқ. Сондықтан, осындай туындылар арқылы сіздердің жүріп өткен жолдарыңызға көз салуға болады. Міне, ғұмырбаяндық туындылардың құндылығы осында. Мысалы, біздің өңірде түйелер көп болғанын және ол жануардың қызыл түске өш болатынын осы кітап арқылы біліп отырмын. Сол жылдары қазақ мектебі тек Ертіс ауданында ғана қалғанын да осы кітаптан оқыдық. Сондықтан, бұл кітапты балалар әдебиетін қолдау жылы аясында өнір әдебиетіне қосылған үлкен қазына деп бағалауға болады, – деді Жарқынбек Амантайұлы.

ПІКІРЛЕР ТОҒЫСЫ

Арман ҚАНИ, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты:

– Біз өткен шағымызға, бала кезімізге көп орала бермейміз де, журналист болып, саяси істерге араласа бастаған шағымызды ғана еске аламыз. Сондықтан, өткенге оралып, бейқүнә шағымызда басымыздан кешкен оқиғаларды сұрыптап, оқырманға ұсынып отырудың артығы жоқ деген ойға келдім. Себебі, біз осы күйі аспаннан түскен жоқпыз, бәріміз де бала болдық ғой. Кезінде Мұзафар Әлімбаев ағамыз: «Балалар әдебиетіне қалам тартыңдар» дегенді жиі айтатын. Ол үшін балалардың психологиясын меңгеру керек. Ғалия Құсайынқызының жаңа кітабында балаларға ой салар қызықты да пайдалы әңгімелер бар екен. Енді осыны мектептегі жас оқырмандарға жетуіне атсалысу керек. Алдағы уақытта да кішкентай оқырмандарға арналған тұшымды дүниелер күтеміз.

Серік САТЫБАЛДИН,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, аудармашы:

– АҚШ ғалымдарының зерттеуі бойынша, баланы он жасқа дейін кітап оқуға тәрбиелеп, әдебиетке деген құштарлығын ояту керек. Сонда ғана оның болашағы жарқын, кемел азамат болып өседі. Мына кітаптың жас оқырманға берер пайдасы ұшан-теңіз. Мысалы, тарихи оқиғалар бар. Бұл кейінгі ұрпаққа өткенін танып, білуге өз септігін тигізеді. Одан бөлек, еңбекті сүю, үлкенді құрметтеу, кішіге ізет білдіру секілді қазақы құндылықтар да қамтылған. Яғни, әрбір оқиғадан осы тәрбиелерді ойға сіңіруге болады.

Ольга ГРИГЬОРЕВА, ақын:

– Балалар әдебиеті жанрында қалам тербеу екінің бірінің қолынан келмейді. Бұл өз басыңнан өткен оқғаларды тізіп жазу ғана емес, сонымен қатар жарқын сәттерге тоқталу, сол арқылы оқырманды баурап алу. Мен автордың бұл кітабын оқып отырғанда тіпті, көзіме жас келген уақыттар да болды. Сондықтан, Ғалия Құсайынқызының шығармашылығына табыс тілей отырып, жас оқырмандарын әлі де қызықты дүниелерімен қуанта береді деп сенемі.

Тілеуберді САХАБА,
Павлодар облысы